

№13 семинар сабағының тақырыбы: Экологиялық сертификаттау (2с)

Сабақтың жоспары:

1.Экологиялық таңбалау

2.Өнімнің экологиялық табысты белгілері мен экологиялық таңбалау

Сабақтың мақсаты: Студенттерге экологиялық сертификаттау жайында қысқаша мағлұмат беру.

Қысқаша теориялық мәліметтер:

1. Экологиялық таңбалау

Экологиялық таңбалау – бұл мәтін, жеке графикалық, түрлі түсті символдар мен олардың комбинацияларынан тұратын өнім, үрдіс немесе қызметтің экологиялық сипаттағы кешені. Ол бұйымның қаптамасына жапсырма, этикетка немесе ілеспе құжаттамада ретінде белгіленеді.

Экологиялық таңба өнімнің экологиялық жағдайы туралы және басқа да ақпарат береді. Мысалға алғанда өнімнің адамға және қоршаған ортаға экологиялық қауіпсіздігін білдіреді.

Экологиялық таңбалау үкімет үшін экологиялық тәжірибенің табысты ынталандырудың негізі болса, бизнес үшін нарықта экологиялық таурды алға жылжыту құралы болып табылады. Алайда, экологиялық таңбалаудың негізгі мақсатына төмендегілер жатады:

- қоршаған ортаны қорғау. Экологиялық таңбалаудың мемлекеттік және мемлекет емес бағдарламаларын пайдалану арқылы басқарушы орган экологиялық тауарлар мен қымбатты ынталандыруға әсер етуі мүмкіндігіне ие;

- экологиялық инновация мен осы саладағы көш басшылықты ынталандыруу экологиялық белгілерді тарату арқылы экологиялық белгілеу бағдарламасы нарықты экологиялық инициативалар мен осы саладағы бизнесті дамытуды ынталандыруды ұсынады;

- экологиялық аспектер арқылы тұтынушыларды хабардар ету ;

ИСО 14 000 сериялы халықаралық стандарттарда экологиялық белгілеуге бірқатар талаптар қойылды.Олар:

- тұтынушы мен жеткізуші арасындағы нақтылықсызды төмендету. Себебі әртүрлі экологиялық таңба дамулаудың тұтынушылар арасында барлық белгілерге сенімсіздік тудырады.

- экологиялық көрсеткіштер менқоршаған ортаға антропогендік жүктемені төмендету;

- халықаралық сауданың дамуына ықпал етеді.

- тұтынушыға таңдауға мүмкіндік береді.

«Экологиялық таза» деген белгімен белгіленген Ресей және отандық өнімдердің қаптамаларды көптеп кездесуге болады. Көптеген мамандар бұл мәтінмен берілген таңбаны мағанасыз деп отыр. Экологиялық таза деп адамға және қоршаған ортаға зиянын, сонымен қатар оның өндірілгенде және утилизацияланғанда табиғатқа зиянын тигізбейтінің айтады. Шындығын айтқанда, ондай жағдай тәжірибеде болмауы мүмкін, тек қана тигізілетін әсердің дәрежесіне ғана байланысты. Мысалға алғанда, Канадада «Экологиялық таза» деген белгі қоюға тиым салынады.

2. Өнімнің экологиялық табысты белгілері мен экологиялық таңбалау

Таңбалау кезіндегі берілген үш бұрышты бағыттаушы сызықтар қаптау қорап материалының қайта өңделуі жарайтындығын білдіреді.

Пластикалық ыдыс қап жеті полимерлік (пластмасса) материалға бөлінеді. Олардың әрқайсысының өз цифрлық символы бар. Оны өндірушілер пластикалық ыдыс қаптың материалының түрі туралы ақпарат беру, оның қайта өңдеу мүмкіншілігі,қайта өңдеу мен пайдалану алдындағы сорттау процедурасын жеңілдету мақсатында жасайды.

Полимерлік материалдардағы (пластмассадағы) үшбұрыштың ішіндегі сан мен әріп аббревиатурасы пластмассаның түрін білдіреді.

1 – РЕТ немесе ПЭТ – полиэтилен. Ол су, сок және сусындар құятын ыдыс қап жасау үшін пайдаланады (бөтелкелерге, банкілерге, және т.б.). Сондай-ақ, бұл материалды әртүрлі ұнтақтар, түйіршіктелген азық-түліктердің қораптарын жасауда да пайдалануға болады. Бұл материалды қайта өңдеу жеңіл.

2 - HDPE немесе ПВД жоғары қысымды полиэтилен. Бұл су мен сүтке арналған пакеттер және кружкалар, ағартқышқа арналған бөтелкелер, шампундар, жуу және тазалағыш заттардың, мотор және машина майлардың және с.с. ыдыстарын, пластикалық пакеттер жасау үшін пайдаланады. Бұл материалды да қайта өңдеу жеңіл.

3 - PVC немесе ПВХ – поливинилхлорид. Бұл материал терезе жуатын сұйық, тағам майлары ыдыстарын дайындауда пайдаланылады және қайта өңдеуге жарамайды. Сондай-ақ, кейбір мәліметтерге сүйенсек оның құрамындағы канцероген винилхлорид тамақ өнімдері арқылы алам ағзасына ену қабылеті бар. Сонымен қатар, ПВХ дайындау үшін көптеген адам ағзасына уытты қоспалар пайдаланады. Мысалға алғанда: фталаттар, ауыр металдар және т.б. ПВХ өндіру, пайдалану және утилизациялау процесінде көптеген диаксиндер және басқа да уытты химиялық заттар түзіліп зиянды әсерін тигізеді.

4 - LDPE немесе ПНД – төмен қысымды полиэтилен. Бұл материал полиэтиленді пакеттер, бірқатар пластикалық бөтелкелер және т.б. дайындауда пайдаланылады. Бұл материалды да қайта өңдеуге болады.

5 - PP немесе ПП – полипропилен. Бұл материалдан бөтелкенің қрышқасын, дискілер, кетчуп пен сироп бөтелкелерін, йогурт стакандарын және т.б. дайындауда пайдаланады.

6 - PS немесе ПС-полистирол. Тауық және сыйыр етінің поддондарын, жұмыртқа контейнерлерін және т.б. дайындауда пайдаланады.

7 - OTHER және басқалары. Жоғарыда аталмаған әртүрлі пластиктер мен полимерлердің қоспасы. Бұл қоспалардан дайындалған қораптар, пайдаланған кейін қайта өңдеуге келмейді және қоқыс орындарын толтырады немесе қоқыс жағу зауыттарына жіберіледі.

Оқытудың техникалық құралдары: интербелсенді тақта

Практикалық (семинар)сабағын оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: түсіндіру, баяндау, пікіралмасу, сұрақ-жауап

Бақылау сұрақтары: (20 балға дейін)

1. Экологиялық таңбалауды айтып беріңіз.
2. Өнімнің экологиялық табысты белгілері мен экологиялық таңбалау айтыңыз.

СӨЗ және ОБСӨЖ тапсырмалары: Мемлекеттік метрологиялық қадағалаудың нысандары және Техникалық реттеу саласында ҚР заңнамасын бұзғаны үшін мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды адамдарының жауапкершілігі

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3
2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.
3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.
4. Н.П. Пикула, А.А. Бакибаев, О.А. Замараева, Е.В. Михеева, Н.Н. Чернышова. Метрология, стандартизация и сертификация: учебное пособие. Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 185 с.
5. В.В.Сергеев, В.В.Терегеря. Метрология, стандартизация, сертификация : Учебник, -М., Изд. Юрайт, 2011, 820с.